

**Қарқаралы қаласындағы М. Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ (ро)
жанындағы интернаты» КММ-нің
2022-2023 оқу жылында атқарылған
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы**

Адал ұрпақ тәрбиелеу – қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-барлығымыздың борышымыз. Болашақ ұрпағымызға тек тәрбие мен білім берумен шектеліп қана қоймай, адал еңбекқорлыққа да үйретуіміз керек. Адал еңбекқорлық-еліне адал қызмет ету және сыбайластық іс – әрекеттерден аулақ болудан тұрады. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды.

Бала мінезі, азаматтық көзқарасы ата-ана, орта, мектеп тәрбиесі арқылы қалыптасады. Рас, сәби ақ қағаздай болып дүниеге келмек. Қағазға шимайды қалай салсаң, солай түседі. Бала тәрбиесі де осыған ұқсас. Бүгінде білім беру мекемелері осы қағиданы ескеріп, оқушылар бойында әділдік, адалдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында жаңа жобалар жүргізуде. Осындай жобалардың бірі – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті әкімдіктердің қолдауымен мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында республика мектептерінде «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» жобасы жұмысын бастаған болатын.

Осы жоба аясында «Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ-де 2018-2019 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылған болатын. Қазіргі таңда бұл клуб мектеп оқушылары арасында нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Ұйымның қызметіне келетін болсақ, әр оқу жылының басында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары жасалып, мақсаты, міндеті және эмблемасы және жауапты тұлғалар тағайындалып, ұжымға таныстырылады. Ал, жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін 8 және 11-сынып аралығында жүргізуді жөн көрдік, әрине, сол жас ерекшеліктеріне қарай! Мектебімізде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының құрылу мақсаты-білім алушыларға рухани адамгершілік және азаматтық — патриоттық тәрбие беру. Олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтықсыз қалыптастыру болса, міндеті-мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру аясында ұйымдасқан түрде «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас

жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

- Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэшмобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Әр оқу жылының басында білім басқармасының хатына сәйкес әртүрлі қажеттіліктерге ақша жинамау туралы бұйрық шығарылып, мұғалімдер мен ата-аналар танысып, қол қойып, бұйрық ақпарат тақтасына ілінеді. Педагогикалық кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және этика кодексі қаралып, бекітілді. Мектеп қызметкерлері мен жұмысшылары қызметтік әдеп кодексімен таныстырылады. Ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында құқықтық сауаттылығын арттыру жиындары өткізіледі. Әрбір оқу жылында жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, жауапты адамдар жоспарға сай жұмыстар жүргізеді.

Сонымен қатар, жоспарға сай мектебімізде білім алушылардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіру, әдептілікке, әділеттілікке баулу мақсатында "Адалдық дүкені" ашылды. Яғни, әр оқушы сатушысы болмайтын дүкеннен өзіне қажетті тауарды белгіленген құны бойынша сатып алып, ақшасын арнайы кассаға салады. Сатушысы жоқ дүкеннің басты ерекшелігі де осында, яғни сатып алушылар өзіне тек адалдық принципі бойынша қызмет көрсетеді. «Адал ұрпақ» клубының мүшелерінен арнайы комиссия құрылып, дүкен жұмысын бақылап, қорытынды шығарып, әр дүйсенбі сайын өткізілетін линейкада хабарлап отырады. Адалдық дүкеннен қажетті тауарын сатып алған оқушы ешқандай қулыққа немесе қиянатқа жол бермей, өзін-өзі адалдыққа, әділеттілікке тәрбиелей алады деген сенімдеміз!

"Қарағанды облысының білім басқармасы" ММ бастамасымен рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында ақпараттық керуен Қарқаралы ауданына келіп, "Адал ұрпақ" ерікті клуб мүшелерімен форум өткізді. Әрі қарай форум секция жұмыстарымен жалғасын тапты. Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектебі (ресурстық орталық) жанындағы интернат" КММ-не Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы ақпараттық ағартушылық топ спикері - Мұстафин Серік Хамзеұлы келіп, мектеп ұстаздары мен білім алушылары арасында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы" тақырыбында пікір алмасты. Серік Хамзеұлы тыңдаушылар мен шараның басқа қатысушыларының сұрақтарына жауап бере отырып, өз білімдері мен пікірлерімен бөлісті. Бұл іс-шараның

мақсаты-білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, себебі Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі — сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде адам өмірінің барлық салаларына теріс әсер етеді, әлеуметтік-экономикалық даму процесін тежейді, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің дамуына үлкен қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берудің мақсаты-білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа деген азаматтық көзқарасты қалыптастыру, қажетті құндылықтарды және дағдыларды дамыту. Шара соңында Серік Хамзеұлы "Адал ұрпақ" клубының ұйымдастыруымен салынған сурет көрмесін тамашалады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысудың қыр-сырын сол жолмен жүріп өткен тәжірибелі кәсіпкердің өз аузынан есту кімге болса да қызық. Әсіресе, мектеп оқушылары үшін бұл тақырып тіпті ерекше. Осы ретте, «Адал ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен, өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, болашақ өмірлік жоспарларына ынталандыру және шығармашылық әлеуетті дамыту мақсатында Қарқаралы қаласының жеке кәсіпкері Иоган Татьянамен кездесу өтті. Татьяна апай білім алушыларға кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері туралы айтып, табыс құпиясымен бөлісті және балалардың сұрақтарына жауап берді. Сұрақтар өте көп болды: бизнесті қалай бастау керек, бастапқы капиталды қайдан алуға болады, бағаны жиі көтересіз бе, қайырымдылық шараларына қатысасыз ба, жарнаманың қандай құралдары ең тиімді?

Кәсіпкер сұрақтарға жауап бере отырып, табысты кәсіпкердің басты қасиеттері адалдық, еңбекқорлық, өмір бойы білім алу мен өзін-өзі жетілдіру екенін атап өтті. Сонымен қатар, білім алушылар бизнес жүргізудің қыр-сырын, бизнесмен сипатын шындайтын табыстар мен сәтсіздіктер туралы білді.

Мектеп білім алушыларымен «Адал ұрпақ» клубының мүшелерімен «Әділдік пен адалдық», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» тақырыптарында конференция өткізілді. Мақсаты: оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. Аталған іс-шараға Қарқаралы ауданы ПБ-нің ЮПТ КТІЖ аға уч.полиция инспекторы Елубаева Айжан Жумагалиевна қатысып, ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" заңы бойынша және коменданттық сағат туралы мәлімет берді. Конференция барысында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты, адалдық, ар-ождан, патриоттық тақырыптарында әңгімелесті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда 2-11 сынып білім алушылары арасында қыркүйек айынан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы, білім алушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл

қасиеттерді игеруге ықпал ету, бірін - бірі сыйлап, мейіріммен карауға тәрбиелеу мақсатында «Адалдық сағаттары» өткізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте әрбір адам өзінен бастауы тиіс. Ол мейлі үлкен, мейлі кіші жастағы адам болса да, сол жаста «Мен еліме не беремін, осы қоғамның, мемлекеттің дамуы үшін қандай үлес қосамын», - дейтін болса, өз жұмысына, айналасына әділ қарап, таза жұмыс істегенде ғана осы кеселді толық жеңе аламыз деп есептеймін. Осы мақсатта клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыптарында эссе байқауы өткізіліп, қорытынды шығарылып, жеңімпаздар марапатталды.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруды қалыптастыру мен білікті, тапқыр, ұшқыр ойлы, өз ойын жақсы дәлелдей білетін азаматтар даярлау, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге ықпал ету, пікірсайысшылардың өзара тәжірибе алмасуына, оларды жаңа ұсыныстар мен идеялар қалыптастыруға баулу мақсатында клуб мүшелері арасында пікірсайыс турнирлері өткізіп тұрады. Форматы: АПФ (америкалық Парламенттік Формат) Әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – Үкімет пен Оппозиция ұсынылған қарарды талқылап, әр топ өз кейстарын жақсы құрып, тамаша ойын өрнегін көрсете алды.

«Адал ұрпақ» клубының мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы бойынша білім алушылар арасында коррупцияға қарсы көзқарас қалыптастыру мақсатында «Жастар жемқорлыққа қарсы!» деген тақыпқа флэшмоб ұйымдастырылды. Флэшмобтың негізгі мақсаты – жемқорлықтың алдын алу, жемқорлықпен күрес мәдениетін және жемқорлыққа «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру.

Сонымен қатар білім алушылар арасында азаматтық позициясын білдіру, жемқорлыққа және құқық бұзушылыққа бей-жай қарамау секілді қасиеттерді жетілдіру де аталған шараның басты мақсаттарының бірі болды. Мемлекеттік болашағы жастардың қолында, сондықтан жастар белсенді әрі ұйымдасқан түрде жемқорлықпен күресулері қажет. Жемқорлыққа жол жоқ!

«Адал ұрпақ» клубының мүшелері жалғызбасты қарттардың, ардагерлердің, тыл еңбеккерлерінің, мүгедектердің және халықтың әлеуметтік осал топтарының басқа да өкілдерінің үйлерінің аулаларын қардан тазарту мақсатында ұйымдастырылып жатқан "Ардагерім-Ардағым" атты акциясына қатысып, аулаларды қардан тазалау жұмыстарын жүргізді. Бұл акцияның балаларға берер тәлім-тәрбиесі мол. Ардагерлер жас ұрпақтың мұндай құрметіне риза болып, жұмыстарына сәттілік тілеп, ақ батасын ақтарды. Акцияның басты мақсаты ардагерлерге көмек көрсетіп, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу болатын.

«Адал ұрпақ» клубының мүшелері Қарқаралы ауданының жастар ресурстық орталығы жанынан ашылған "JasStar" еріктілер тобымен кездесіп, "Еріктілер деген кім? Олардың қызметі қандай?" тақырыбы аясында семинар-тренинг өткізіліп, білім алушылар өздерінің көкейлерінде жүрген көптеген сұрақтарға жауап алды.

Сонымен қатар, клуб мүшелерінің бастамасымен «Бес асыл іс» челленджи ұйымдастырылды. Челленджді ұйымдастырудағы көзделген мақсат:

жастарды жақсылық жасауға, мұқтажға көмек көрсетуге, үлкен, кішіні құрметтеуге, табиғатты сақтауға, адамзаттың түпсанасынан «жақсы іс қаражат пен ақшаға тіреледі,»-деген стереотивті жою. Челлендж басқа ұйым мүшелеріне жолданып, жалғасын табуда.

Жоспарға сай мектебімізде «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясы өткізілді. Бұл акцияны қайырымдылық акциясы деп атасамда артық емес. Дармарка - мектеп білім алушылары өзіне қажет емес затын апарып, оған екінші өмір сыйлайтын алаң. Дармаркаға қатысқан білім алушылар өзіне қажет болмай қалған кез келген затын әкеліп, өзіне керек заттар алды. (жыртылмаған кітап, ойыншық, сөмкелер, спортқа қажет құралдар, әшекей бұйымдар, оқу құралдары) Осылайша зат екінші өмірге ие болып, білім алушыларды бір жағынан адалдыққа тәрбиелеп, екінші жағынан экология мен қоршаған ортаға зор үлестерін қосатын іс-шара өткізілді. Ең басты талап – дармаркаға әкелетін заттар таза, жыртылмаған, сынбаған, қолдануға жарайтын жағдайда болуы керек. Алдағы уақытта да осындай іс-шара жалғасын табады. (Дармарка сөзі – орыстың “дар”, “благодарить” және “ярмарка” сөздерінің қосындысынан шыққан. Демек дармарка – әр адамның өзіне қажет емес затын апарып, оған екінші өмір сыйлайтын алаң. Мұндай шараға кез келген адам затын қойып кете алады және өзіне ұнаған нәрсені алуына мүмкіндігі бар.)

Егер, жастайынан баланың санасына тазалық, жауапкершілік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасып, саналы өмір сүруге мүмкіндігі жеткілікті болады. Шәкірттерімізді мектеп қабырғасынан осындай ізгі қасиеттерге баулитын болсақ, жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушіліктің қағидаты қалыптасатын болады, демек, «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» да өз жұмысының нәтижесін беретіні анық.

Осы клуб жұмысы арқылы балаларды адамгершілігі мол, намысты азамат болуға, мемлекеттік мүлікті бүлдірмеуге, кісі ақысын жемеуге, ешкімнің ала жібін аттамауға тәрбиелейміз. Мемлекетіміздің болашағы саналатын мектебіміздің осындай белсенді оқушыларынан үлкен үміт күтеміз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ-Мәңгілік Елдің кепілі.

Мектеп тәлімгері:



М.С.Ктанова